



"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 411 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 22-V, 156-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат; № 9, 18-құжат; 2018 ж., № 11, 46-құжат; № 10, 32-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 4-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық және өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру бөлігіндегі осы Заңда реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.";

2) 4-3-бапта:

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) республикалық және өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 7-2) және 7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-2) республикалық деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

7-3) өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін әзірлейді және бекітеді;"

3) 4-4-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесі негізінде өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;"

4) мынадай мазмұндағы 1-2-тараумен толықтырылсын:

"1-2-тарау. Республикалық және өңірлік деңгейдегі мемлекеттік ақпарат саясатының кейбір мәселелері

4-6-бап. Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі республикалық комиссия

1. Мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу кезінде қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың ақпаратқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында уәкілетті органның жанынан Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі республикалық комиссия құрылады.

2. Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның негізгі функциялары:

1) уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатының тақырыптық бағыттарының тізбесін қарау және ұсыныстар әзірлеу;

2) уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес республикалық және өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысқа үміткерлердің өтінімдерін қарау және ұсыныстар әзірлеу;

3) Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру болып табылады.

3. Уәкілетті орган Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені және оның құрамын, сондай-ақ мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекітеді.

4-7-бап. Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар

1. Мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу кезінде қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың ақпаратқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар жанынан мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар құрылады.

2. Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялардың негізгі функциялары:

1) уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысқа үміткерлердің өтінімдерін қарау және ұсыныстар әзірлеу;

2) уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысқа үміткерлердің өтінімдерін Мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның қарауына және ұсынымдар алу үшін жіберу;

3) мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру болып табылады.

3. Өңірлік комиссия өз қызметінде мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережені басшылыққа алады.";

5) 14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін сыра мен шараптың тауар белгілерін және (немесе) атауын жарнамалауды қоспағанда, алкоголь өнімін жарнамалауға тыйым салынады.

Темекі және темекі бұйымдарын жарнамалауға тыйым салынады.";

6) 22-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер журналист аккредиттеу қағидаларын бұзса не өзін аккредиттеген мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратса, оның аккредиттелуі күшін жоюы мүмкін."

2. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 жыл, № 12 (2493), 88-құжат; 2009 ж., № 17 (2545), 82-құжат; 2014 ж., № 11, 65-құжат; № 23, 143-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 17 (2545), 79-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 23, 143-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат ; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат; № 15, 55-құжат; 2018 ж., № 24, 94-құжат; № 10; 32-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 13-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, осы тараудың 13-1-бабының талаптарына сәйкес келетін сыра мен шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын жарнамалауды қоспағанда, этил спирті мен алкоголь өнімін;"

2) 13-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, осы тараудың 13-1-бабының талаптарына сәйкес келетін сыра мен шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын жарнамалауды қоспағанда, алкоголь өнімінің, алкоголь өнімін, темекі және темекі бұйымын тікелей немесе жанама ұсынатын, темекі және темекі бұйымының атауы ретінде белгілі болған тауар белгісінің элементтерін және (немесе) атауын пайдалана отырып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауға тыйым салынады.";

3) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген сыра мен шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын жарнамалау ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген сыра мен шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын:

1) (балалар және діни теле-, радиоарналарды қоспағанда) жергілікті уақытпен кешкі сағат жиырма екіден бастап таңғы сағат алтыға дейінгі кезеңінде отандық теле-, радиоарналарда мынадай талаптарды ескере отырып: телеарналардағы жарнамада трансляциялану уақытында шамадан тыс тұтынудың зиян екендігі туралы ескерту қоса берілуге тиіс, әрі мұндай ескертуге жарнама алаңының (кеңістігінің) кемінде он пайызы бөлінуге тиіс

телеарналардағы жарнамаға трансляцияланғаннан кейін салауатты өмір салтын кеңінен таныту бойынша кемінде бір әлеуметтік жарнама қоса берілуге тиіс;

радиоарналардағы жарнамада трансляциялау соңында оны шектен тыс тұтынудың зиян екендігі туралы ескертетін хабарлар қоса берілуге тиіс;

2) (балалар және діни мерзімді баспасөз басылымдарын қоспағанда) отандық мерзімді баспасөз басылымдарында мынадай талаптарды ескере отырып жарнамалауға рұқсат беріледі:

газеттердің бірінші және соңғы жолақтарында орналастырылмауға тиіс;

журналдардың бірінші және соңғы беттерінде және мұқабаларында орналастырылмауға тиіс;

алаңының көлемі сыра мен шарап тауар белгісінің және (немесе) атауының жарнамалары аланының көлеміне тең болатын салауатты өмір салтын кеңінен таныту жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қамтуға тиіс.

Салауатты өмір салтын кеңінен таныту жөніндегі әлеуметтік роликтерді қалыптастыру және іріктеу денсаулық сақтау және жарнама саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша телерадио хабарларын тарату саласындағы уәкілетті орган бекітетін салауатты өмір салтын кеңінен таныту жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және отандық телеарналарда орналастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген сыра мен шараптың тауар белгісінің және (немесе) атауының жарнамасы:

1) өнімнің өзін жарнамалауға тиіс;

2) еңбек қызметімен және көлік құралын басқарумен байланысты болмауға тиіс;

3) кәмелетке толмағандардың қатысуымен түсірілмеуге (жазылмауға), оның ішінде мультипликацияның (анимацияның) көмегімен орындалмауға тиіс;

4) кәмелетке толмағандарға бағыттамауға тиіс;

5) жарнамаланатын өнімнің емдік қасиеттері бар екендігіне сендірмеуге, олардың шамадан тыс тұтынылуын ынталандырмауға тиіс;

6) оларды тұтынудан тартынуды айыптамауға тиіс;

7) өзара қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп сендірмеуге тиіс."

4) 17-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) денсаулық сақтау және жарнама саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша салауатты өмір салтын кеңінен таныту бойынша әлеуметтік жарнаманы отандық телеарналарда қалыптастыру және орналастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

3. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2012 ж., № 3, 24-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 23, 143-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 22-V, 156-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 11, құжат; № 24, 93-құжат; № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 1-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) теле-, радиоарналарды тарату - телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде тұтынушыға теле-, радиобағдарламаларды жеткізу;"

2) 1-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) теле-, радиокөпшілік - теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлік алған теле-, радиоарнаның меншік иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға немесе оның филиалы (өкілдігі);"

3) 1-баптың 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"20) телерадио хабарларын тарату операторы - теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия алған жеке немесе заңды тұлға немесе оның филиалы (өкілдігі);".

4. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2015 ж., № 22-І, 138-құжат; 2016 ж., № 7-1, 50 құжат):

1) 1-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ашық бюджеттердің интернет-порталы - бюджеттік есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептілікті, азаматтық бюджетті, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін орналастыруды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар жобаларын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді жария талқылауды қамтамасыз ететін "электрондық үкімет" веб-порталының құрам бөлігі;"

2) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы - азаматтардың сұрау салуларды жіберу және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларынан оларға жауаптар алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін "электрондық үкімет" веб-порталының құрамбөлігі;"

3) 1-бап мынадай мазмұндағы 2-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган - ақпаратқа қол жеткізу саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3-2) ашық диалогтың интернет-порталы - ақпаратты пайдаланушылардың мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы сұрау салуларды жіберу, сондай-ақ ақпарат пайдаланушылардың интернет-конференцияларға және сауалнамаларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін "электрондық үкімет" веб-порталының құрамбөлігі;"

4) мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-баптарымен толықтырылсын:

"6-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпаратқа қол жеткізу саласындағы құзыреті:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережені бекітеді;
- 2) ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін бекітеді;
- 3) жыл сайын, 1 маусымнан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасындағы ақпаратқа қол жеткізу аясының жай-күйі туралы жылдық есепті ұсынады;
- 4) көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды ақпарат ие төлеу тәртібін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындарды төлеуден босату тәртібін айқындайды.";

"6-2-бап. Уәкілетті органдардың құзыреті

1. Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган:

- 1) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;
- 2) Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады және Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді;
- 3) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметіне мониторингті және ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- 4) ақпарат иелеріне ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;
- 5) ақпарат иелелерімен және пайдаланушылармен ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;
- 6) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру тәртібін бекітеді;
- 7) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекітеді;
- 8) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік - органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекітеді;
- 9) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық диалог интернет-порталында жұмыс тәртібін бекітеді;
- 10) ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін әзірлейді;

11) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

12) жыл сайын, 1 сәуірден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасындағы ақпаратқа қол жеткізу аясының жай-күйі туралы жылдық есептің жобасын жіберіді;

13) Қазақстан Республикасындағы ақпаратқа қол жеткізу аясының жай-күйі туралы жыл сайынғы есепті өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган:

1) ақпараттандыру объектілерінде қамтылған электрондық ақпараттық ресурстарды жасау, іздеу, жинау, жинақтау, сақтау, өңдеу, алу, пайдалану, өзгерту, көрсету, тарату және беру бөлігінде ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

2) қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған деректерді талдауды, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша, ақпараттандыру аясындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ашық деректердің интернет-порталында оларды кейіннен орналастыру мақсатында жүргізеді;

3) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру тәртібін және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

б) 8-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар ақпарат иеленушілер болып табылады.";

7) 9-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) ашық деректердің, ашық бюджеттердің және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталдарында орналастырылатын ақпаратты өз құзыреті шегінде уақтылы өзектендіруге";

8) 9-бапта:

2-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеле уәкілетті құрылымдық бөлімшесі болуға немесе ақпаратқа қол жеткізудің қамтамасыз етілуіне

ішкі мониторингті және үйлестіруді жүзеге асыратын ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі уәкілетті адамды тағайындауға міндетті.";

9) 11-бапта:

тармақтының төртінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформалары арқылы жіберілген электрондық нысандағы сұрау салу жазбаша сұрау салуға теңестіріледі.

Ақпарат пайдаланушының "электрондық үкіметтің" веб-порталында есептік жазбасы болған және оған ұялы байланыс операторы берген ақпарат пайдаланушының абоненттік нөмірі қосылған жағдайда, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы жіберілетін сұрау салуға оның қол қоюы талап етілмейді.";

13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Егер жазбаша сұрау салуға жауап көшірме жасауды немесе басып шығаруды көздейтін болса, онда ақпарат пайдаланушы ақпарат ие көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсаған нақты шығындарын өтеуге міндетті.

Көшірме жасауға немесе басып шығаруға арналған тарифтер және оларды төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспа басылымдарында міндетті түрде жариялануға және ақпарат және интернет-ресурстарында орналастырылуға тиіс.

Халықтың әлеуметтік осал топтары көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындарды төлеуден босатылады.";

10) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақпарат иеле өздері орналасқан үй-жайларда өз қызметі туралы ақпараты бар ақпараттық стенділерді және ұқсас мақсаттағы басқа да техникалық құралдарды орналастырады және мүгедектердің оларға еркін қол жеткізуіне жағдайлар жасайды.

Қызметі қоғамдық тәртіпті сақтаумен және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты ақпарат иеле өз қызметі туралы ақпараты бар ақпараттық стенділерге және (немесе) ұқсас мақсаттағы басқа да техникалық құралдарға тәулік бойы еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.";

11) 14-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық атқарушы органдардың басшылары, әкімдер және ұлттық жоғары оқу орындарының басшылары қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі, сыртқы саяси қызмет мәселелерін қоспағанда, жылына кешінде бір рет атқарылған жұмыс туралы халық алдында есеп береді.";

12) 16-баптың 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде интернет-ресурстарда:

1) қызметі туралы жалпы ақпаратты:

ұйымдық құрылымын, басшылар мен олардың орынбасарлары туралы мәліметтерді; анықтама қызметтерінің, құрылымдық бөлімшелердің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың пошта мекенжайын, электрондық поштасының мекенжайын, телефондарын;

құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізбесін, олардың міндеттері мен функцияларын, сондай-ақ басшылар мен олардың орынбасарлары туралы мәліметтерді;

аумақтық органдардың тізбесін, олардың міндеттері мен функцияларын, сондай-ақ басшылар мен олардың орынбасарлары туралы мәліметтерді;

құзыретін, өкілеттіктерін, міндеттері мен функцияларын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

қызметі туралы ресми жаңалықтарды (баспасөз релиздерін);

жаңалықтар легін;

қызметіндегі алдағы ресми оқиғалардың күнтізбелерін;

басшылары мен олардың орынбасарларының ресми сөйлеген сөздерінің және ресми мәлімдемелерінің мәтіндерін;

құрылған бұқаралық ақпарат құралдары (болған жағдайда) туралы мәліметтерді;

2) норма шығармашылық қызметі туралы ақпаратты:

қабылданған нормативтік құқықтық актілер тізбесін;

түсіндірме жазбалары (олар болған жағдайда) және салыстырма кестелерімен (нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) бірге әзірленетін нормативтік құқықтық актілер жобаларының мәтіндерін, ғылыми сараптамалардың қорытындылары мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің сараптама қорытындыларын (олар болған жағдайда), олардың жария талқылануының аяқталуы туралы есептерді;

3) бюджет қаражаты туралы ақпаратты:

республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын;

бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттерді;

мемлекеттік органның жұмыс істеуіне бөлінген бюджет қаражатының жалпы сомасы туралы ақпаратты;

республикалық және жергілікті бюджеттер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты;

бюджеттік есептілікті;

шоғырландырылған қаржылық есептілікті;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін;

азаматтық бюджетті;

4) ағымдағы қызметі туралы ақпаратты:

мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын және оның орындалуы туралы есепті;

аумақтарды дамыту бағдарламаларын және олардың орындалуы туралы есептерді;

мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, тұжырымдамаларды доктриналарды, стратегияларын тиісті саланы дамытудың, жоспарларын сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді:

саланың (аяның) жай-күйін және даму серпінін сипаттайтын статистикалық ақпаратты және көрсеткіштерді;

жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін, сондай-ақ қарамағындағы ведомстволық дерекқорларын (дерек банкін), тізілімдерді, тіркелімдерді, кадастрларды.

қызметі туралы талдамалық баяндамаларды және шолуларды, сондай-ақ атқарылған жұмыс туралы есептерді және баяндамаларды;

алқалы органдардың ашық отырыстарының стенограммаларын және (немесе) хаттамаларын;

мемлекеттік орган жұмыс органы болып табылатын консультативтік-кеңесші органдардың (кеңестердің, комиссиялардың) қызметі туралы ақпаратты;

мемлекеттік органдар қызметтерінің тиімділігін бағалау қорытындыларын;

5) кадрлық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ақпаратты:

азаматтардың мемлекеттік қызметке кіру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің бос лауазымдарына орналасуға жарияланған конкурстар туралы мәліметтерді;

бос лауазымға кандидаттарға қойылатын **біліктілік талаптарын**;

бос лауазымдарға орналасу мәселелері бойынша **консультация беруге** уәкілетті адамдардың телефон нөмірлерін, электрондық **поштасының** мекенжайларын және тегін , атын, әкесінің атын (егер ол **жеке басын** куәландыратын құжатта көрсетілсе);

б) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы ақпаратты:

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің паспорттарын, **мемлекеттік** қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді;

мемлекеттік органның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы жыл сайынғы есепті;

мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын әзірленетін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ олардың жария талқылануының аяқталуы туралы есептерді;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын қоғамдық мониторингілеу нәтижелерін;

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде қабылданатын шаралар туралы ақпаратты;

8) халықаралық ынтымақтастық саласындағы ақпаратты:

қызметіне мемлекеттік орган қатысатын халықаралық **ұйымдардың** тізбесін;

жасалған (қол қойылған) халықаралық шарттар мен келісімдердің тізбелері мен мәтіндерін;

шет мемлекет, халықаралық немесе шетелдік ұйым **және (немесе) қор** берген алынған және пайдаланылған гранттар туралы **мәліметтерді**,

халықаралық шарттар мен халықаралық **ынтымақтастық** бағдарламаларын іске асыруға мемлекеттік органның **қатысуы туралы** мәліметтерді;

мемлекеттік орган қызметінің мәселелері **бойынша халықаралық** ұйымдардың қорытындыларын, сараптамалық бағаларын, **ұсынымдырын** және басқа да талдамалық материалдарын;

халықаралық ынтымақтастық туралы өзге де мәліметтерді;

9) мемлекеттік сатып алу саласындағы ақпаратты:

мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын;

өткізу шарттарын, оларға жеке және заңды тұлғалардың қатысу тәртібін, конкурстық комиссия отырыстарының хаттамаларын, қабылданған шешімдер мен нәтижелерге шағым жасау тәртібін қоса алғанда, мемлекеттік орган өткізетін ашық конкурстар, аукциондар, тендерлер туралы ақпаратты;

10) рұқсат беру әрекеттерін (лицензиялау, аккредиттеу, тіркеу және басқалар) жүзеге асыру тәртібін;

11) мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары жүргізген тексерулердің нәтижелері туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, мемлекеттік органда және оның аумақтық органдарында жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпаратты;

12) бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпаратты;

13) жүргізілген әлеуметтанушылық, талдамалық және өзге де зерттеулердің, сондай-ақ халыққа жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері туралы деректерді;

14) халықпен жұмыс жөніндегі ақпаратты:

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін;

шағым жасау, сондай-ақ жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау тәртібін қоса алғанда, өтініштер мен ақпаратқа сұрау салуды қарау мәселелері бойынша ақпарат алуға мүмкіндік беретін уәкілетті адамдардың байланыс деректерін;

Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік орган қарауға қабылдайтын өтініштер мен сұрау салулардың үлгілерін;

15) ақпарат алуға келіп түскен сұрау салуларды жинақтап қорыту және талдау нәтижелері бойынша ақпарат пайдаланушылар бірнеше рет сұрататын ақпаратты;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында орналастырылуы міндетті деп белгіленген өзге де ақпаратты немесе мемлекеттік орган орналастырылуы қажет деп санайтын ақпаратты орналастыруға міндетті.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтермен қатар архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган өзінің интернет-ресурсында Ұлттық архив қорының құжаттары және оның жинақтау көздері туралы мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қор каталогын орналастырады.

5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтермен қатар Қазақстан Республикасы соттарының интернет-ресурстарында:

1) ашық қол жеткізуде орналастыруға жатпайтындарды қоспағанда, сот актілері;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер ескеріле отырып, сот істерін қарау кестелеріде орналастырылуға тиіс.

6. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтермен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарында:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есеп;

2) жергілікті қоғамдастық жиынын, жиналысын шақыру уақыты, орны және талқыланатын мәселелер;

3) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жиналысының хаттамалары, сондай-ақ оларда қабылданған шешімдер де орналастырылуға тиіс.

7. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің интернет-ресурстарында:

1) қызметі туралы жалпы ақпарат:

тарихы;

ұйымдық құрылымы;

басшылық туралы мәліметтер;

қызметі туралы мәліметтер;

консультативтік-кеңесші органдардың қызметі туралы ақпарат (болған жағдайда);

байланыстары (пошта мекенжайлары, электрондық пошта мекенжайлары, анықтама қызметтерінің, құрылымдық бөлімшелердің, аумақтық өкілдіктердің телефондары (болған жағдайда));

2) бос орындар жөніндегі ақпарат:

мектепке дейінгі, орта білімінің жаппы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімінің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының бос лауазымдарын қоса алғанда, жарияланған бос лауазымдар;

бос лауазымдарға орналасу үшін кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары;
бос лауазымдар туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері;

3) қызметі туралы ресми жаңалықтар (баспасөз релиздері), алдағы оқиғалардың күнтізбелері;

4) бюджет жөніндегі ақпарат:

қаржылық есептілік;

республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы ақпарат;

азаматтық бюджет;

5) қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер;

6) мемлекеттік сатып алу туралы ақпарат;

7) халықаралық ынтымақтастық туралы ақпарат;

8) ақпарат алуға келіп түскен сұрау салуларды жинақтап қорыту және талдау нәтижелері бойынша ақпарат пайдаланушылар бірнеше рет сұрататын ақпарат;

9) жүргізілген әлеуметтанушылық, талдамалық және өзге де зерттеулердің, сондай-ақ халыққа жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері туралы деректер;

10) қарамағындағы дерекқорлары (деректер банкі), тізілімдер, тіркелімдер, кадастрлар;

11) "Сұрақ-жауап" сервисі;

12) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі;

13) шағым жасау, сондай-ақ жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау тәртібін қоса алғанда, өтініштер мен ақпаратқа сұрау салуларды қарау мәселелері бойынша ақпарат алуға мүмкіндік беретін уәкілетті адамдардың байланыс деректері;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қарауға қабылданатын өтініштер мен сұрау салулардың үлгілері;

Қазақстан Республикасының заңнамасында орналастырылуы міндетті деп белгіленген өзге де ақпарат немесе мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеме орналастырылуы қажет деп санайтын ақпарат орналастырылуға тиіс.

8. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің интернет-ресурстарында:

1) қызметі туралы жалпы ақпарат:

тарихы;

ұйымдық құрылымы;

басшылық туралы мәліметтер;

қызмет түрлері;

даму стратегиясы;

консультативтік-кеңесші органдардың қызметі туралы ақпарат (болған жағдайда);

байланыстары (пошта мекенжайлары, электрондық пошта мекенжайлары, анықтама қызметтерінің, құрылымдық бөлімшелердің, аумақтық өкілдіктердің және еншілес ұйымдардың (болған жағдайда) телефондары;

2) бос орындар жөніндегі ақпарат:

жарияланған бос лауазымдар;

бос лауазымдарға орналасу үшін кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары;

бос лауазымдар турапы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері;

3) қызметі туралы ресми жаңалықтар (баспасөз релиздері), алдағы оқиғалардың күнтізбелері;

4) қаржылық есептілік, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы ақпарат;

5) еншілес ұйымдардың қызметі туралы ақпарат;

6) қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттар;

7) сатып алу туралы ақпарат;

8) халықаралық ынтымақтастық туралы ақпарат;

9) статистикалық көрсеткіштер және қызмет нәтижелері;

10) атқарылған жұмыс туралы талдамалық есептер мен баяндамалар;

11) жүргізілген әлеуметтанушылық, талдамалық және өзге де зерттеулердің, сондай-ақ халыққа жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері туралы деректер;

12) ақпарат алуға келіп түскен сұрау салуларды жинақтап қорыту және талдау нәтижелері бойынша ақпарат пайдаланушылар бірнеше рет сұрататын ақпарат;

13) қарамағындағы дерекқорлары (деректер банкі), тізілімдер, тіркелімдер, кадастрлар;

14) "Сұрақ-жауап" сервисі;

15) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі;

16) шағым жасау, сондай-ақ жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау тәртібін қоса алғанда, өтініштер мен ақпаратқа сұрау салуларды қарау мәселелері бойынша ақпарат алуға мүмкіндік беретін уәкілетті адамдардың байланыс деректері;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қарауға қабылданатын өтініштер мен сұрау салулардың үлгілері;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында орналастырылуы міндетті деп белгіленген өзге де ақпарат немесе квазимемлекеттік сектор субъектісі орналастырылуы қажет деп санайтын ақпарат орналастырылуға тиіс.

9. Бюджет қаражатын алушылардың интернет-ресурстарында мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалануға қатысты және қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылмаған ақпарат орналастырылады.

10. Монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің интернет-ресурстарында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері өндіретін және өткізетін тауарларға

баға белгілеу мәселелерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ олар өндіретін (өткізетін) тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар орналастырылады.

11. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылардың интернет-ресурстарында мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асыруға қатысты ақпарат орналастырылады.";

13) 17-баптың 1, 2, 3, 5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақпарат пайдаланушылар осы Заңға сәйкес "электрондық үкімет" веб-порталының құрамбөліктерінде орналастырылатын ақпаратты ала алады және пайдалана алады, сондай-ақ "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген не әлеуметтік желілер арқылы авторландырылған жағдайда оны талқылауға қатыса алады.

2. Осы Заңның 8-бабының 1), 2), 3) және 7) тармақшаларында көрсетілген ақпарат иеленушілер ашық деректер интернет-порталында ашық деректерді орналастырады.

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган ақпарат иеленушілерден ашық деректер интернет-порталында орналастыру үшін Қазақстан Республикасы халқының ашық деректерге қажеттіліктері туралы қоғамдық пікір сұрау нәтижелері бойынша ашық деректерді сұратуға құқылы.

Ақпарат иеленушілер өз бастамасы бойынша ашық деректер интернет-порталында ақпаратты орналастыруға да құқылы.

3. Осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілер ашық бюджеттер интернет-порталында бюджеттік есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептілікті, азаматтық бюджетті, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін орналастырады, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерге жария талқылауды жүргізеді.

5. Осы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иеленушілер мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталында өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қызметін бағалау туралы ақпаратты, стратегиялық жоспарлардың және аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсатты индикаторларына қол жеткізу туралы есептерді орналастырады, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметіне жария талқылауды жүргізеді.

6. Осы Заңның 8-бабының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген ақпарат иеленушілер ашық диалог интернет-порталында мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы келіп түскен ақпаратқа сұрау салуларға жауаптарды ұсынады, сондай-ақ интернет-конференциялар мен сауалнамалар өткізеді.";

14) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ ақпарат пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган жанынан консультативтік-кеңесші орган - Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия құрылады.

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қоғамдық мүдделер деп ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі

әркімнің конституциялық құқығын іске асырудың қолайлы жағдайларын, нысандарын, тетіктері мен тәсілдерін жасау түсініледі.

Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау және шешу кезінде айқындық пен ашықтық негізінде жүзеге асырылады.

Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның отырыстары тоқсанына кемінде бір рет, тоқсанның соңғы айының соңғы онкүндігінде өткізіледі."

5. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2015 ж., № 22-V, 155-құжат; № 20-VII, 115-құжат; 2017 ж., № 20, 96-құжат; 2018 ж., № 22, 83-құжат; № 11, 50-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат):

7-баптың 15) және 28) тармақшалары алып тасталсын;

9-баптың 15) тармақшасы алып тасталсын;

10-баптың 15) тармақшасы алып тасталсын;

35-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар ашық деректерді жеке және заңды тұлғаларға ашық деректердің интернет-порталы арқылы қазақ және орыс тілдерінде ұсынуға міндетті.

Ашық деректердің, ашық бюджеттердің, ашық нормативтік құқықтық актілердің, ашық диалогтың интернет-порталдарының жұмыс істеуін және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалауды қамтамасыз етуді оператор жүзеге асырады."

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*